

Қарастырылды  
Ғылыми әдістемелік ұйым  
Протокол № 1  
"31" 08 20 22 ж.



Бекітемін

Бас директор

Сағаев С.А.

"08" 20 22 ж.

## Оқытушылардың шығармашылық тобы туралы ЕРЕЖЕ

Шығармашылық топ – бұл жеткілікті жоғары біліктілігі бар және оқу-тәрбие, тәжірибелік-ізвестіру, эксперименттік, ғылыми-әдістемелік және жобалау-зерттеу қызметін жүргізетін оқу пәндерінің оқытушыларын біріктіретін әдістемелік қызметтің құрылымдық бөлімшесі.

### I. Жалпы ереже

- 1.1. Осы ереже колледж оқытушыларының шығармашылық тобының мазмұны мен жұмыс тәртібін белгілейді.
- 1.2. Топтың құрамына ерікті негізде белгілі бір уақыт кезеңі ішінде (1 жылдан 3 жылға дейін) білім беру мазмұнына, оқыту әдістемесіне, заманауи педагогикалық технологияларды игеруге байланысты нақты практикалық мәселелерді жобалау бойынша жұмысқа мүдделі оқытушылар кіреді.
- 1.3. Шығармашылық топ әдістемелік тақырыппен біріктірілген кемінде 3 оқытушы болған жағдайда ұйымдастырылады.
- 1.4. Шығармашылық топтардың саны мен құрамын ғылыми-әдістемелік кеңес қойылған міндеттерді кешенді шешу қажеттілігіне қарай анықтайды.
- 1.5. Шығармашылық топ өз қызметін директордың оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасарымен немесе әдістемелік кабинет меңгерушісімен келісіп жүргізеді, ғылыми-әдістемелік кеңеске есеп береді.
- 1.6. Шығармашылық топтың жұмысы педагогтердің кәсіби әлеуетін тиімді пайдалануға және дамытуға, тиісті оқу пәндерін оқыту әдістемесін жетілдіру бойынша олардың күш-жігерін біріктіруге және үйлестіруге, сондай-ақ осы негізде білім беру процесін жақсартуға, тиімді нәтижелерге қол жеткізуге бағытталған.

## **II. Тапсырмалар**

- 2.1. Осы мәселе бойынша әдебиеттер мен озық тәжірибені зерттеу.
- 2.2. Осы мәселе аспектісіндегі педагогикалық процесті талдау.
- 2.3. Еңбекті жетілдіру және іске асыру процесін жобалау.
- 2.4. Жобаларды (модельдерді) эксперименттік сынақтан өткізу.
- 2.5. Оларды енгізу тиімділігін талдау.
- 2.6. Топта алынған нәтижелер негізінде әдістемелік ұсынымдар әзірлеу.
- 2.7. Педагогикалық қауымдастықтың талқылауы үшін өз зерттеулерін ұсыну.
- 2.8. Баспасөз материалдарын жариялау.
- 2.9. Осы мәселе бойынша жұмыс тәжірибесін қорытындылау.

## **III. Міндеттері**

- 3.1. Инновацияларды зерттеу және оларды белгіленген уақыт ішінде сынақтан өткізу.
- 3.2. Эксперименттік қызметтің тиімділік критерийлерін әзірлеу.
- 3.3. Аналитикалық материалдарды құрастыру, ұсыныстарды рәсімдеу және эксперимент нәтижелері бойынша арнайы бюллетеньдер дайындау.
- 3.4. Педагогтерді өз жұмысының барысымен және нәтижелерімен таныстыру.

## **IV. Құқықтар**

- 4.1. Инновация бағдарламасына жұмыс жағдайлары мен алынған аралық нәтижелерді ескере отырып түзетулер енгізу.
- 4.2. Инновациялық жұмысты бағалау критерийлерін толықтыру және нақтылау.
- 4.3. Оқушылардың үй қызметін ұйымдастыру бойынша ата-аналарға ұсыныстар беру.
- 4.4. Біліктілік санатын арттыру үшін ұсыныстар дайындау және оқытушыларды ұсыну.
- 4.5. Колледжде оқу процесін жақсарту туралы ұсыныстар беру.
- 4.6. Шығармашылық топ жинақтаған озық педагогикалық тәжірибе туралы материалдарды жариялау туралы мәселе қою.
- 4.7. Ғылыми-әдістемелік және тәжірибелік-іздігіру қызметіне белсенді қатысқаны үшін шығармашылық топ қызметкерлерін көтермелеу туралы мектеп әкімшілігінің алдына мәселе қою.

## **V. Жұмысты ұйымдастыру**

- 5.1. Педагогтердің шығармашылық топтары қатысушылар үшін маңызды болып табылатын және олар үшін, сондай-ақ ұжым үшін кәсіби қызығушылық тудыратын жалпы проблема бойынша жұмыс істейтін уақытша шығармашылық ұжым режимінде құрылады.
- 5.2. Шығармашылық топтың жұмысын ұйымдастыру үшін беделді педагогтар арасынан жетекші тағайындалады, оған шығармашылық топтың құрамына

- кіретін оқытушылар бағынады. Шығармашылық топ жетекшісі топ қызметінің нәтижелілігіне жауап береді.
- 5.3. Шығармашылық топ бүкіл қызмет мерзіміне арналған жұмыс жоспарын әзірлейді және оны ғылыми-әдістемелік кеңестің отырысында ұсынады.
  - 5.4. Оқу жылы ішінде топтың кемінде 4 отырысы өткізіледі.

#### **VI. Жұмыстың мазмұны**

- 6.1. Білім алушылардың мүмкіндіктерін, білім беру процесінің нәтижелерін талдайды.
- 6.2. Білім беру процесін қажетті бағдарламалық-әдістемелік кешендермен, оқытушыларды аттестаттау үшін материалдармен қамтамасыз етеді.
- 6.3. Оқытушыларға нақты әдістемелік көмек көрсетуді жоспарлайды.
- 6.4. Жаңадан бастаған оқытушылар үшін әдістемелік семинарлардың жұмысын ұйымдастырады.
- 6.5. Оқу үдерістерін қажетті деңгейде қолдау бойынша әдістемелік жұмысты жоспарлайды және жүзеге асырады.
- 6.6. Оқу пәнін оқытуда сабақтастықты қамтамасыз етеді.
- 6.7. Оқытушыларға көмек ретінде әдістемелік ұсынымдар дайындау туралы шешім қабылдайды, оларды әзірлеу мен игеруді ұйымдастырады.

#### **VII. Құжаттама және есеп беру**

- 7.1. Шығармашылық топ туралы ереже.
- 7.2. Шығармашылық топтың жұмыс жоспары.
- 7.3. Шығармашылық топ отырыстарының хаттамалары.
- 7.4. Алынған нәтижелерді талдау, жұмыс тәжірибесін қорытындылау.
- 7.5. Әдістемелік ұсынымдар, оқу-әдістемелік оқулықтар, монографиялар, брошюралар, мақалалар.

#### **VIII. Шығармашылық топтың қызметін бақылау**

- 8.1. Шығармашылық топтың қызметін талдау ғылыми-әдістемелік кеңеске оқу жылының соңында немесе жұмыс аяқталған кезде ұсынылады.
- 8.2. Қызметті бақылауды колледжішілік бақылау жоспарына сәйкес Бас директордың оқу-әдістемелік жөніндегі орынбасары жүзеге асырады.

Оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі  
бас директордың орынбасары



Жакупова З.М.